

# Turkic Weekly

2017/84





## **TURKIC WEEKLY 2017 33 (84) [9-15 қазан]**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы** шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



## ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАДЫ

15-ші қазан күні Қырғыз Республикасында президент сайлауы өтті.

Сайлауалды кампаниясы үміткерлердің қызу тартысымен есте қалды. Жалпы президенттікке 11 үміткер таласты.

Сайлауалды тартыстың әу басынан 2 кандидат топ жарып шыққан. Олардың бірі – билеуші ҚСДП партиясының өкілі, алдын Қырғызстанның премьер-министрі болған Сооронбай Жээнбеков. Әлеуметтік сауалнамалардың қорытындысына сай беделді танылған екінші үміткер - Омурбек Бабанов болды. Ол бұрын Қырғызстанның Жогорку Кенеш (Парламент) депутаты, «Республика» партиясының жетекшісі болған, сондай-ақ премьер-министр қызметін де атқарған.

Қырғызстанның ОСК жариялаған алдын-ала деректерге сәйкес, Сооронбай Жээнбеков сайлауда 54,75 пайызбен жеңіске жетті. Екінші орында болжанғандай Омурбек Бабанов болды. Басқа кандидаттардың көрсеткіштері мынадай: Адахан Мадумаров 108 200 - 6,47 пайыз; Темир Сариев 42 959 - 2,57 пайыз; Талатбек Масадыков 10 592 - 0,63 пайыз; Улукбек Кочкоров 8 371 - 0,5 пайыз; Азимбек Бекназаров 2 730 - 0,16 пайыз; Арстанбек Абдылдаев 1 988 - 0,12 пайыз; Арсланбек Малиев 1 588 - 0,09 пайыз; Эрнис Зарлыков 1 529 - 0,09 пайыз; Токтайым Уметалиева 1 430 - 0,09 пайыз. Сайлаудағы қызық көрсеткіш – дауыс берушілердің басым бөлігі (12 135 адам немесе 0,73%) бар кандидаттарға қарсы дауыс берген.

Қырғызстанның сайлауды дайындау және өткізу штабы хабарлағандай, дауыстар автоматты санау жүйесі бойынша есептелген.

Қырғыз билігі сайлаудың соңғы қорытындысы келесі аптада жарияланатынын хабарлады. ҚР ОСК төрағасы Нұржан Шайылдабековтың айтуынша, енді бюллетеньдер қолмен саналады. Сондай-ақ, шет елдердегі дауыс берушілердің деректері қоса есептеледі. «Заңға сәйкес, сайлау өткеннен кейін 20 күн ішінде Орталық сайлау комитеті президент сайлауының соңғы қорытындысын жариялайды», - деді Н. Шайылдабеков. ҚР ОСК таратқан деректерге сәйкес, сағат 20:00-ге дейін жалпы 1 692 423 адам дауыс берген.

Бұл тіркелген дауыс беруге құқылы 3 025 770 кісінің 55,93 пайызына тең.

Осылайша, Қырғызстанда осы жылдың желтоқсан айынан бастап қызметіне кірісетін ел президенті сайланды.

Айта кетейік, С.Жээнбеков Қырғызстандағы беделді саясаткерлердің бірі саналады. Алдын Министрлер кабинетін басқарған.

Көптеген сарапшылар ҚР жаңа билігі елдің сыртқы және ішкі саясатына қатысты бұрынғы саяси бағытты сақтап қалады деп есептейді. Осы орайда сайлау күні С.Жээнбековтің Бішкектің Астанамен арадағы қарым-қатынасына қатысты пікір білдіргенін айта кеткен жөн. «Қазақстан – біздің Құдай берген көршіміз. Ол бауырлас мемлекет. Сондықтан біз бір-біріміздің тәуелсіздігімізге құрметпен қарауымыз керек, солай қараймыз да», - деп мәлімдеді Сооронбай Жээнбеков.

Қырғыз еліндегі сайлау халықаралық ұйымдардың бақылауымен өтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша, түркі мемлекеттеріндегі сайлауларға Түркі кеңесі, Халықаралық Түркі академиясы секілді халықаралық ұйымдар міндетті түрде бақылаушы ретінде қатысады. Бұл жолы да Академия сарапшылары Ош қаласында бақылаушы миссиясын атқарды.

Көптеген халықаралық бақылаушылар мен сарапшылардың пікірінше, Қырғызстандағы сайлау заңға сай өтті деуге болады. Айтарлықтай заң бұзушылықтар тіркелмеген. С.Жээнбековтің оппоненттері мен қарсыластары түгелдей сайлау нәтижесін мойындады. Қазақстанның жоғары лауазымды тұлғаларының ішінен алғашқылардың бірі болып Парламент сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев пікір білдіргенін айта кетейік. «Бауырлас Қырғызстанның президенті болып Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықтың маңызын түсінетін білікті саясаткер С. Жээнбеков сайланды», - деп жазды Қ.Ж.Тоқаев.



## СОЧИДЕ ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

11-ші қараша күні Сочиде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысы өтті. Кеңеске Армения Республикасының Президенті С.Саргсян, Беларусь Республикасының Президенті А.Лукашенко, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Молдова Республикасының Президенті И.Додон, Ресей Федерациясының Президенті В.Путин, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі С.Исақов және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Т.Саркисян да қатысты.

БАҚ хабарлағандай, отырыста мемлекеттер басшылары Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы өзара іс-қимылдың және экономикалық одақты одан әрі дамытудың бірқатар өзекті мәселелерін талқылап, Еуразиялық экономикалық комиссияның есебін тыңдады.

Келіссөздер барысында Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі оған мүше елдердің экономикасына оң әсер етіп отырғаны және интеграциялық үдерістерді күшейтудің маңыздылығы атап өтілді.

Нұрсұлтан Назарбаев жиында қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттарының маңызды екенін айтты. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті 2018 жылы одаққа мүше елдердің экономикасын цифрландыру жөнінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің арнайы кездесуін өткізуді ұсынды.

Соңында тараптар қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы ынтымақтастықты бұдан да жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Бұдан бөлек, сол аралықта Н.Назарбаевтың Ресейге жұмыс сапары өтті. В.Путин мен Н.Назарбаевтың кездесуінде тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін және оны одан әрі дамыту перспективасын талқылады.

Нұрсұлтан Назарбаев Ресей Қазақстанның экономикадағы және басқа да салалардағы маңызды стратегиялық әріптесі болып саналатынын атап өтті.

– Биыл елдеріміз арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 25 жыл толып отыр. Осы жылы өзара сауда-саттық көлемі үш есе өсті. Барлық бағыттар бойынша жаңа бірлескен кәсіпорындар құрылуда, – деді Қазақстан басшысы.

Қазақстан Президенті екі елдің Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастығы нәтижелі болып отырғанын айтты.

– Орын алған қиындықтарға қарамастан, біз алға жылжып келеміз. Қазақстан – Ресейдің ең сенімді әрі жақын серіктесі. Сонымен қатар, Байқоңыр кешеніне қатысты әріптестігіміздің дамып келе жатқанын атап өткен жөн, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ, екі елдің басшылары алдағы кездесулер кестесін талқылап, өңірлік саясаттың мейлінше өзекті мәселелеріне тоқталды. Владимир Путин мемлекетаралық байланыстарды дамытудың және нығайтудың басты факторы саналатын екіжақты кездесулердің маңыздылығы мен нәтижелілігі жөнінде айтты.



## ТМД ЕЛДЕРІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДА

Өткен аптада Сочиде ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамда отырысы өтті. Жиында мемлекеттер басшылары ТМД аясындағы өзара іс-қимылды одан әрі нығайту жолдарын талқылап, достастықтың тиімділігін арттыру, оған мүше елдердің сауда және инвестициялық байланыстарын тереңдету мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Сонымен бірге, отырыста Тәжікстан Республикасының ТМД-ға төрағалық ету кезеңінде атқаратын жұмыс жоспары, Түрікменстанның достастықты одан әрі дамытуға қатысты ұстанымы және ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясы аясында атқарылған жұмыс нәтижелері жөнінде баяндалды.

Кеңес отырысының қырытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға қарсы күрес саласындағы құжаттарға қол қойылды.

Бұдан бөлек, ТМД елдерінің басшылары мәдениет, білім беру, ғылым және туризмге қатысты байланыстарды нығайтуға әрі кеңейтуге бағытталған гуманитарлық саладағы бірқатар маңызды шешімдерді қарастырып, отбасын және дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қолдау туралы мәлімдеме қабылдады.

Отырысты ашқан Владимир Путин ТМД шеңберінде бұдан былай да ынтымақтастықты арттырудың жолдары бірлесіп қарастырылатынын, Достастық пен оның құрылымдарының тиімділігін арттыру үшін пікір алмасатынын айтты.

Жалпы алғанда, ТМД мүшелері ұйымның жаңа, ірі, өзара тиімді және іскерлік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндіктері бар деп санайды.

Келесі жылы ТМД төрағалығы Тәжікстанға өтетіндіктен, мемлекет басшысы Эмомали Рахмон ТМБ басшыларының келесі отырысын 2018 жылы Душанбеде өткізуді ұсынды.

Сонымен бірге, жиында атқарушы хатшы 2019 жылы төрағалықты қабылдайтын Түрікменстан 2018 жылы ТМД-ның тең төрағасы болатынын хабарлады.

ТМД атқарушы хатшысы С.Лебедевтің айтуынша, 2020 жылы төрағалық етуге бірден екі мемлекет өтінім тапсырған. Мәлім болғандай, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиеев те 2020 жылы төрағалық етуге ұсыныс білдірген.



## ӘЗЕРБАЙЖАН-БОЛГАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Болгария президенті өткен аптада арнайы сапармен Әзербайжанға барды. Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықты арттырып, нығайтуды көздейтін бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Мәртебелі мейманын қарсы алған Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев: «шақыртуымды қабыл алып, Әзербайжанға ресми сапармен келгеніңіз үшін қуаныштымын. Бұл сапардың маңызы зор, нәтижесі де жақсы болатынына сенімдімін. Біз Әзербайжан мен Болгарияның дос, серіктес мемлекеттер екенін, және қарым-қатынастарымыздың маңызды екенін тағы бір көрсеттік», - деді. Тараптар екіжақты кездесулерде екі ел арасындағы байланыстарды жан-жақты талқылады.

Өз кезегінде болгар президенті Румен Радев Әзербайжанды Шығыс және Орталық Еуропадағы әртараптандыру саясатын жүргізуде айтулы мемлекет екенін айтты. Сондай-ақ, көптеген салалардағы байланысты дамыту үшін саяси диалогтың маңызды екенін атап өткен болгар басшысы «Оңтүстік газ дәлізін» қолдайтынын білдірді.

Транспорт және мәдениетаралық байланыстар саласында да маңызды келісімдерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, екі мемлекеттер басшыларының кездесуінен кейін тиісті органдарға өзара сауда айналымын арттыру үшін нақты ұсыныстар дайындау тапсырылды. Сонымен бірге, тараптар екі астаналар арасында әуе рейстерін көбейтуге келісті. Болгар тарапы хабарлағандай, қазір Баку-София, София-Баку бағыттарында әуе рейстерін ашуға дайындық жұмыстары жүруде.

Десе де, сарапшылардың пікірінше, Әзербайжан мен Болгария арасында сауда-саттық саласында жүзеге асырылмаған мүмкіндіктер көп. Мұны өз сөзінде И.Әлиев те растады. «Бүгін негізінен экономикалық байланыстарды талқыладық. Әзербайжанның екі ел арасындағы сауда көлеміне көңілі толмайтынын айта аламын. Тиісті құзырлы органдарға тауар айналымын арттыру үшін нақты ұсыныстар дайындау тапсырылды», - деді Әлиев.

Бұдан бөлек, тараптар транспорт-логистика саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырды. Қос мемлекеттің өкілдері «Оңтүстік газ дәлізін» іске қосу Болгарияның энергетикалық қауіпсіздігін арттыратынына сенімді. Айта кетейік, таяуда Баку-Тбилиси-Карс темір жолы пайдалануға беріледі. Бұл жоба екі мемлекеттің, сондай-ақ жалпы аймақтың интеграциясына оң серпін береді деп күтіледі.





Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

**[www.twesco.org](http://www.twesco.org) | 57-49-86**

**Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы  
Астана, 010000 | Қазақстан**

 [@intturkicadem](https://twitter.com/intturkicadem)

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem/>